

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ЕҢБЕГІНІҢ СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫСЫ

Қалесетова Р.Қ.

4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: *ф.ғ.д., профессор Ж.О. Тектізұл*
Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Ақтөбе қаласы

Қазіргі жаңа білім мазмұнының макромоделі мәдениет – білім – тарих үштағанына негізделуі тиіс деген тұжырым орнығып келеді. «Қазақ» деп аталатын біртұтас халық қалыптасқанға дейінгі қазақ тіліне қатысты жазба мұралардың тілін құрайтын элементтерді зерттеу арқылы бүгінгі тілдің жүйелік заңдылықтарымен қатар ауытқуларының себептері, қайшылықтардың пайда болуы айқындалды. Осы ретте бұған дейінгі бірлі-жарым еңбектерде қарастырылып келген, өз дәуірінде, одан кейінгі ғасырлар мен мыңжылдықтарда үлкен философиялық тұжырымдарымен бағаланатын мұра – Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінің тілін синтаксистік тұрғыдан талдауға байланысты пікірлерді жүйелеу мен талдаудың өзіндік маңызы ерекше. Сондықтан көпшілік жағдайда фонетикалық, морфологиялық тұрғыдан қарастырылып келген көне түркі жәдігері (Ж.Баласағұн «Құтты білік») тілінің синтаксистік құрылысын талдауды мақсат еттік.

Ж.Баласағұн шығармашылығын және оның еңбегі жазылған дәуірді зерттеу аса көрнекті орыс шығыстанушылары В.В.Бартольд, С.Е.Малов (1952), Е.С.Бертельс, А.Н.Самойлович, А.Н.Кононов және т.б. ғалымдар арқылы, одан кейін қазақ ғалымдары С.Аманжолов, Ғ.Айдаров, Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, М.Томанов (1981), Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықов (1994), А.Аманжолов (1997), Қ.Жұбанов (1935) сияқты тілші мамандар арқылы ойдағыдай жалғасын тапты. Жалпы «Құтты білікті» кең көлемде зерттеу мен оны басқа тілдерге аударуда келелі істер тындырған академик В.В.Радлов (1869) болды.

«Орта ғасырлық мұралар ішіндегі ақыл-білімге, адамгершілікке үндейтін, адам мүмкіндігінің шексіз екендігін, оның өзін қоршаған дүниені танып-біле алатындығын, таным процесіндегі ғылымның орны туралы сыр шертетін, грек ойшылдары сияқты дүниенің негізі болған төрт нәрсе: жер, су, ауа, от дейтін төрт принципті ұстанған, соған сай кейіпкерлері де төртеу болып келетін Ж.Баласағұнның «Құтты білігі» - баға жетпес мұра» [92;279] болып табылатын болса, оның қазақ тіл білімінің, оның ішінде қазақ синтаксисінің дамуына қосар үлесі де мол болары сөзсіз. Сондықтан біз осы жұмысымызда аталған жазба ескерткіш тіліндегі қабыса байланысқан сөз тіркестерінің берілу тәсілдері мен түрлеріне тоқталуды жөн көрдік.

Синтаксистік байланыстардың күрделі түрлерінің бірі – қабысу. Қабыса байланысқан сөз тіркестері – түркі тілдері, оның бірі қазақ тілінде аса бір жиі қолданылатын, ежелгі синтаксис байланыстарының бірі. Мұндай тіркестер

құрамындағы сөздер бір-бірімен жалғаусыз орын тәртібі тәсілі арықылы байланысқа түседі. Тіл деректеріне жүгінетін болсақ, кез-келген сөздер жалғаусыз, орын тәртібі тәсілі арқылы байланысқа түсе бермейді. Олар өзара тіркесуі үшін мағыналық және грамматикалық жақтан сәйкестік болуы қажет. Мағыналық тұрғыдан байланысы бар сөздердің басын құрастыруда ұйытқы сөздің қай сөз табынан болуының үлкен мәні бар. Осындай ерекшелігіне байланысты түркі тілі, оның бірі қазақ тіліндегі сөз тіркестері есімді және етістікті сөз тіркестері болып үлкен екі салаға жіктеледі. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің түрлерін айқындауда да осы принцип басшылыққы алынады.

Жұмысымызға негіз болып отырған Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі тілінде кездесетін анықтауыштық қатынастағы қабыса байланысқан сөз тіркестерін талдау барысында олардың қазіргі қолданысқа өте жақын екенін анықтай отырып, сонымен қатар қабыса байланысқан сөз тіркестерінің, яғни синтаксистік үлгінің қалыптасуы көне дәуірлерден басталатындығына көз жеткіземіз. Мәселен, «Құтты білікте»: билигсиз киши (білімсіз кісі), өкүш сөз (көп сөз), артуқ асығ (артық пайда), йаңлығ ер (жайсаң ер), еки түрлік ат (екі түрлі ат), билиглиг бег (білімді бек), укушсуз кишиләр (ақылсыз кісілер), узун йол (ұзын жол), йалған сөз (жалған сөз), севүг жан (сүйікті жан), узун сақынч (ұзын сағыныш), билигсиз йүрәк (білімсіз кеуде), т.б (ҚБ). Мұндағы узун сақынч (ұзын сағыныш) деген тіркесті алып қарасақ, бүгінгі таңда өлшемдік ұғымды білдіретін «ұзын» сөзі дерексіз ұғымдағы «сағыныш» сөзімен тіркеспейді. Ескерткіш тілінде қолданылуына қарап, біз бұл сөздің (ұзын) мағынасы сол дәуірде сарылы күту мағынасын білдіретін тіркес құрамындағы мағынасымен (ұзақтық) қатар қолданылғанын, сонымен қатар актив қолданыста болғанын байқаймыз. Мәселен, ескерткіш тіліндегі узун кеч йашағыл ашайу елиг (елден асқан ұзақ өмір жаса) деген сөйлемде де узун кеч (ұзын өмір) түрінде қолданылған.

Жоғарыдағы мысалдардағы «Құтты білікте» қолданылатын муну сөз (мынадай сөз) тіркесі құрамындағы «муну» есімдігіне келсек, қазіргі түркі тілдерінде мына, мынау есімдіктерінің дыбысталуы мынадай: башқұрт – бынау, қарақалпақ – мынау, т.б. Түркі тілдерінің біразында мұндай есімдік жоқ, оның мәнінде басқа сөздер қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде мынау, мұнда, мұндай, бұндай тәрізді есімдік немесе есімдік негізгі басқа сөздер де бар. Сонда мына, мынау, мұнда, бұнда сөздерімен салыстырып қарасақ, бұлардың барлығына ортақ түбір – мын, мұн, бын. Алайда дыбыстық ерекшеліктеріне қарай бұлардың әрқайсысы дербес түбір емес, бір ғана түбірдің фонетикалық варианттары.

Сонымен бірге ескерткіштер тілінде етістіктің есімше тұлғасы мен зат есімнің қабыса байланысуы да кездеседі. Мәселен, тугмиш елиг – түйілген жұдырық, севмиш кісі – сүйген кісі, етинмиш келин – жасанған келін, көрган киши – көрген кісі, йаңшаған тил – мылжыңдаған тіл, егилмаз көңіл – жібімес көңіл, тегилмас мурад – қол жетпес мұрат, бермаган ел – бермеген ел, келган иш – болған іс, учған куш – ұшқан құс т.б. (ҚБ).

Біз сөз етіп отырған ескерткіштер тілінде туынды сын есім мен етістіктің, үстеулер мен етістіктің қабыса байланысуы кездеседі. Мәселен, «Құтты білікте» билиглиг еді (білімді еді), утун болса (ұятсыз болса), билигсиз туғар (білімсіз туады), ағыр келсә (ауыр болса), йақынлық қылур (жақындық етеді), узун сақынды (қатты қайғырады), андын йуруб (сонша жүріп), қатығ қорқ (қатты қорық), йаш болди (жас көрінді), қатуғ арзулады (қатты құмартты), ачығ қылма (ащы етпе) (ҚБ) түрінде тіркескен. Матаса байланысқан сөз тіркестерінің сыңарлары сөйлемде тікелей қатар тұрып та, араларына сөз салып та жұмсала береді, өйткені берік байланыс (бірінші ерекшелікте көрсеткендей), яғни грамматикалық та, семантикалық та байланыс сөйлемде бұлардың орын тұлғаларына қарамай-ақ іске аса береді. Күнингә ағырлады елиг аны, бүтүн елкә йадты көр аты уни – Күн өткен сайын оны Елік қатты құрметтеді, Көрмейсің бе, бүкіл елге атағы-даңқы жайылды... («Құтты білік»). Көңүл берди хам ма йуыртты. Тилиг, Овут берди қылқ хам қылынчы силиг (Көңіл берді әрі тілін сайратты Ұят берді [сондықтан] мінезі мен қылығы сынық). Ілік септік жалғаулы зат есім мен тәуелдік жалғаулы сөздердің тіркесі арқылы байланысуы «Құтты білікте» былайша қолданыс тапқан: *будун тили* (жұрттың тілі), *киши қылқы* (кісінің қылығы), *тіл идиси* (тілдің иесі), сөз түгүни (сөздің түйіні), тил асғы (тілдің пайдасы), елиг көңли (Еліктің көңілі), уқуш қылқы (ақылдың белгісі), қуллуқ аты (құлдың аты), тапуғчы хақы (қызметшінің еңбегі), елиг йүзі (Еліктің жүзі), беклиг түгү (бектіктің түйіні), севүглүг нишаны (сүюшінің нышаны) (ҚБ) кездеседі.

«Құтты біліктегі» *бири аты бириниң тапуғ* (бірінің аты – жұмақ, бірінің аты – тағат-ғибадат) (ҚБ) деген сөйлемдегі *бири аты* (бірінің аты) тіркесі сан есім мен зат есімнің матаса байланысуына мысал бола алады.

«Құтты біліктегі» қабыса, матаса байланысқан сөз тіркестеріне нақты тілдік деректер келтіре отырып, олардың жасалу жолдарынан көп өзгешеліктер көре алмадық. Аталған ескерткіш тілінде де қабыса байланысқан сөз тіркестерінің қазіргідей орын тәртібі арқылы байланысатынын, ал матаса байланысқан сөз тіркестерінің құрамындағы есім сөздердің жалғаулы да, кейде жалғауларының түсіріліп қолданылатын да анықтадық. Сондықтан да зерттеу объектісіне алынып отырған күрделі мәселе орта ғасырлық ескерткіштер (Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастаны) тілі – осы күнгі түркі тілдерінің бәріне ортақ, біртұтас тарих. Егер олардың әрбіреуін жеке-дара, бөле-жара қарастырсақ, біз тіліміздің тарихи грамматикасын жасай алмаймыз. Оның үстіне тіліміздегі көптеген құбылыстардың қыр-сырын аша алмаймыз, тіл құбылыстарының тарихи даму процестерін көрсете алмаймыз. Өйткені осы күнгі тілдердегі құбылыстарды тамыры тереңнен тартқан, байырғы құбылыстардың заңды жалғасы, солардың нәтижесі деп білген жөн. Сондықтан біз аталған ескерткіштер тіліндегі сөз тіркесінің байланысу құрылымы мәселесін қарастырғанда, оны қазіргі тілдің даму тұрғысынан салыстыра талдап, тарихи-салыстырмалы әдісті дәйекті түрде қолдана отырып, мақсатымызға жетуге тырыстық.

Пайдаланылған әдебиет

1. Ағманов Е. «Қазақ тілінің тарихи синтаксисі». – Алматы, 1991.
2. Әміров Р., Әмірова Ж. «Жай сөйлем синтаксисі». – Алматы, 2001.
3. Баласағұн Ж. «Құтты білік». Аударған: Егеубаев А. – Алматы, 1986.
4. Баласағұни Ж. «Құтадғу билиг». Аударған: Сағындықов Б. – Алматы, 1984
5. Жұбанов Қ. «Қазақ тілі» жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999.
6. Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиясы.